ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
Кеген ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ «Кеген аудандық кітапханасы» КММ-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы

Кеген ауылы **31.12.2025 жыл**

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Кеген ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ «Кегенаудандық кітапханасы» КММ директорының «Кеген аудандық кітапханасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2025 жылғы 22 желтоқсандағы №37 бұйрығы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Ішкі талдаумен мекеменің 2025 жылғы 12 айдағы жұмысы қамтылды.

Мекеме Кеген ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 03 тамыздағы № 123 қаулысымен бекітілген Жарғы негізінде (бұдан әрі – жарғы).

Жарғыға сәйкес мекеменің миссиясы аудан тұрғындарына анықтамалық-ақпараттық, кітапханалық, библиографиялық қызмет көрсету болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ұйымдық басқарманың басқару қызметі

Персоналды басқару желісі бойынша, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

«Кеген аудандық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің штат саны 32 бірлікті құрайды.

Мекеменің қызметкерлері атқаратын лауазымдардың біліктілік сәйкес келеді. Мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасында олардың жеке мүдделері өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін қайшылықтар белгіленбеген.

Кадрлардың ауысу желісі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде тәуекелдер белгіленбеген.

Қызмет көрсету желісі бойынша

15.02.2006 жылғы «Мәдениет туралы» Заңына сәйкес «Кеген аудандық кітапханасы» ММ-де тұрақты негізде 15 кітапханашы қызмет көрсетеді.

Талданып отырған кезеңде қызметкерлер «Мәдениет туралы» ҚР Заңының

24 бабының талаптарына сай аудандық және ауылдық кітапханалар ғимараттарындағы оқу залдарында ұсынады.

Өз қызметін жүзеге асыру кезінде мекеме басшылыққа алатын заңнама:

1. ҚР «Конституциясы»;
2. ҚР «Мәдениет туралы» Заңымен;
3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңымен;
4. «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік- процестік Кодексі»
5. ҚР Азаматтық Кодексімен

Сонымен қатар, мекеме құжаттарды жасау және рәсімдеу кезінде бланкілерді пайдаланады. Бланкіде құжаттың деректемелері құжаттың деректемелерін орналастыруға сәйкес орналастырады.

Функциялары:

1. Халыққа анықтамалық-ақпараттық, кітапханалық, библиографиялық қызмет көрсетеді.
2. Мекемеге келіп түскен қызметтік құжаттарды қарайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №234 қаулысы және Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары негізінде «Кеген аудандық кітапханасы» КММ-сі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

1) Мекеменің штаттық қызметкерлерінің жеке істерін талдау барысында жақын туыстарының, ерлі-зайыптылардың және жекжаттарының бірлескен қызмет фактілері анықталған жоқ.
Ұсынылады: жұмысқа қабылдау кезінде туыстық мүдделер жол бермеңіз.

Ұсынылды: Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын жақсарту.

Мекеменің ұйымдастырушылық-басқару қызметіне жүргізілген ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Қорытынды бөлім:

«Кеген аудандық кітапханасы» КММ директорына ұсыныстар:

«Кеген аудандық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа ішкі талдау жүргізу;

«Кеген аудандық кітапханасы» КММ-нің мамандары өздерінің функционалдық міндеттерін адал орындау;

Мекеме құжаттарды жасау және рәсімдеу кезінде бланкілерді пайдалану;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің, «Кеген аудандық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бұйрықтарының орындалуын қамтамасыз ету;

«Кеген аудандық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Қызмет көрсету барысында қолданыстағы ҚР Заңнамаларының талаптарын қатаң сақтау.

Жұмыс тобының мүшелері:

Заңгер **А.Жақыпжан**

Бөлім меңгерушісі **А.Майтыбаева**

Бөлім меңгерушісі **Ж.Молдасанова**

Мәслихат депутаттары:

Дарубаева Ғалия Әділжанқызы

Талипов Ерғали Сатыбалдыұлы

Тұрсынов Сырым Шыңғысұлы

Таныстым:

Кітапхана директоры **И.Ахметова**